

Тақырыбы:

«Сабақта қолданылатын белсенді әдіс-тәсілдің түрлері»



Қытай ғұламасы Конфуций:

*Маған айтсаң, мен ұмытып
қаламын. Маған көрсетсең, мен
есімде сақтай аламын. Маған осыны
істеуге мүмкіндік берсең, сонда бұл
мәңгілік менікі болып қалады!*



Мақсаты:

- сабақ өткізуде студент белсенділігінің әсерін арттыру;
- әр студенттің мүмкіндіктерін, қабілеттерін, қызығушылықтарын анықтау;
- жеке тұлғаға бағытталған білім беру жүйесіне көшуде оқытушыларға көмек ретінде белсенді әдістерді ұсыну

Міндеттер:

- Оқытушылардың белсенді әдіс-тәсілдер туралы білімдерін кеңейту;
- Шеберлік сабағына қатысушылардың белсенді әрекет етуіне жағдай жасау.

Күтілетін нәтиже:

- белсенді оқытуды тәжірибеде қолдану үшін оқытушылардың көзқарастарын оңтайландыру.

Белсенді оқыту әдістерін пайдалану кезінде:

- тиянақты білім;
- қиялдау мен шығармашылық;
- тез тіл табысу;
- белсенді өмірлік көзқарас;
- командалық рух;
- жеке; дербестік құндылық;
- өз пікірін білдіру, еркіндік;
- іс-әрекетке ерекше назар аудару;
- өзара сыйластық дағдылары дамиды

Белсенді оқыту стратегияларын қолдана отырып, төмендегідей *нәтижеге қол жеткізуге болады:*

- Жеке, жұпта, топта жұмыстап, нәтижеге қол жеткізуге болатындығын түсінеді;
- Студенттердің бірін-бірі үйретіп, өз бетімен тақырыпты меңгере алатындығына сенімдері артады;
- Шығармашылық тапсырмаларды орындайды;
- Алған білімдерін әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындауда қолдана алады.

Оқытушыларға ұсыныс:

- Сабақты түрлендіріп өткізіп, студенттің өз бетімен меңгеріп, өз ойын еркін айтуына мүмкіндік беру керек;
- Өз бетімен жұмыс белгілі бір мақсатқа бағытталған, студент орындай алатындай етіп таңдалуы тиіс;
- Студенттерге өз білім деңгейлерінің қай жерде екенін анықтау үшін бағалау жүйесін өзгертіп, бәсекелестік орта қалыптастыру;
- Студенттердің пәнге қызығушылығын арттырып, білімдерін қолдана алуы үшін, белсенді оқыту стратегияларын тиімді қолдану.

Әдіс түрлері:

- Ойын түрлері;
- Жеке және жұптық, топтық жұмыстар;
- Студенттердің өз бетінше іс-әрекеттері;
- Нақты жағдайлар, олардың нәтижесін жасау;
- Сұрақтар қоюда ынталандыру (СТО-ға үйрету);
- Оқыту мәселелері.

«Сергіту»



*1. 5 жыл бұрын ағасы мен
қарындасы бірге 8 жаста
болды. Тағы 5 жылдан кейін олар
қанша жаста болады?*

(18)



2. Әкесі 30 жаста, баласы 5 жаста. Неше жылдан кейін әкесі баласынан 27 жас үлкен болады.

(ешқашан)



3. Ағасы 12 жасқа толғанда
қарындасы неше жаста болады,
егер ағасы қазір 8-де, ал
қарындасы 3 жас кіші
болса?

(9)



4. Бір адамнан, қанша балаң бар деп сұрағанда, ол мысқылдап: «Менде қанша қызым болса, сонша ұлым бар. Әр ұлымда 3 қарындасы бар». Бұл отбасында неше бала?

(6)




5. Бір отбасында екі әкесі және екі ұлы бар. Отбасында неше ер адам бар?

(3) ата , әке , немере



*6. Әйел адам сыныптағы
балалардың біреуіне: «Мен сенің
анаңмын, бірақ сен маған ұлым
емессің»-дейді. Ол не дегені?*

(ҚЫЗЫМСЫҢ ДЕГЕНІ)



7. Бір азаматтың әкесі Азамат Сарсенұлы, ал оның ұлы – Аслан Болатұлы. Ол азаматтың аты-жөні кім?

(Болат Азаматұлы)



8. Таяқтың екі басы бар. Егер оның бір жағын кессе, таяқтың неше басы қалады?

(2)



9. Үстелде 3 стақан сүт бар.
Алмаз бір стақан сүтті ішіп
қойды. Үстелде неше стақан
бар?

(3)



*10. 20 метр матаны 10 бөлікке
2 м-ден бөлу үшін, неше рет кесу
керек?*

(9)



*11. Әкесі мен ұлы ағашты 12 рет
кесті. Қанша бөрене
шықты?*

(13)



*12. Ұлы, әкесі, атасы дойбы
ойнады. Барлығы 3 партия
ойналды. Әрқайсысы неше
партиядан ойнады?*

(2)



Белсенді оқыту мен оқудың кейбір тәсілдері

Жұпта жұмыс істей отырып, мына суреттермен үлестірме материалда келтірілген тәсілдерді сәйкестендіріңіз.



А



Ә



В



Б

Жұпта жұмыс істей отырып, мына суреттермен үлестірме материалда келтірілген тәсілдерді сәйкестендіріңіздер.



Ғ



Д



Г



Е

Белсенді оқу

4Өз тәжірибесінің негізінде үйрену:

- оқушыларға эксперимент жасап, мәнін ұғынып, түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді;
- жаңа білімді бұған дейінгі біліммен байланыстырады;
- қателіктер бізге өзімізді тексеріп, түсінігімізді жетілдіруге жол ашады;
- нәтижесі – терең білім;
- көзқарасты өзгертеді.



Ғ суреті

Бірлескен оқу

4Құрылымдалған топтық жұмыс:

- Тұлға аралық қарым-қатынас дағдыларын жетілдіреді;
- ақпарат алу және жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын жетілдіреді;
- тиімді дербестікті дамытады – «біз бірлесіп табысқа жетеміз»;
- оқушылар арасындағы тосқауылдарды бұза алады.



Ә суреті

Ойын технологиясы

- 4 Педагогикалық ойындар технологиясы дегеніміз педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиыны.
- 4 Ойын түріндегі жұмыстар сабақ үстіндегі қолайлы деген жағдайларда пайда болып, оқушыларды қызықтырушы құрал ретінде қолданылады.



Е суреті

Пәнаралық байланыс

Оқу пәндері арасында байланыс орнату:

- білім беру бағдарламасының аясын кеңейтіп, теңестіреді;
- тереңірек білім алуға мүмкіндік береді;
- көптеген дағдыларды қалыптастырады;
- түсінік пен дағдыларды дамытуға көмектесе алады;
- оқудың анағұрлым саналы меңгерілуіне көмектеседі;
- оқуға деген уәжді арттыра алады.



Б суреті

Проблемалы оқыту

- 4 Проблемалы оқыту – мұғалім басшылығы мен қиын мәселелерді туғызу және оқушылардың белсенді түрде өз беттерімен мәселелерді шешу.
- 4 Қорытындысында олардың ойлау қабілеттері дамып, шығармашылық іскерліктері мен дағдылары қалыптасуына жағдай жасайды.



А суреті

Оқу әңгімелері

4 Оқушылардың тапсырмаларды өзара талқылауы:

- оқушылардың көбірек үлес қосуына мүмкіндік береді;
- оқушылардың бір-біріне білім мен дағдыларды үйретуіне жетелейді;
- тақырыпты терең түсінуіне жол ашады;
- оқушылардың өз үлгерімі туралы ойланып, әрі қарай не істеу керектігі туралы шешім қабылдауына мүмкіндік береді;
- тапсырманы күрделендіріп, оқушылардың уәжін арттырады.



В суреті

Электронды оқу және жаңа технологияларды пайдалану

4Технологияларды пайдалану:

- белсенді оқудың қызықты тәсілдерін ұсына алады;
- уәжді арттыра алады;
- зерттеу жүргізу, қарым-қатынас жасау, ынтымақтастық орнату және тапсырмаларды тиімді іске асыру үшін қолданылады;
- оқушылардың ақпарат іздеп, өз тәсілдерін табуына мүмкіндік бере отырып, олардың өз үлесін қосуына септігін тигізеді;
- сыныптан тыс өз бетінше білім алуға мүмкіндік береді.



Д суреті

Модельдеу

4 Іске асып жатқан ойлау үдерістерін түсіндіре отырып мысал ұсыну:

- оқушыларды бір мезгілде пән мазмұны туралы ойлануға және сарапшы ретінде әрекет етуге жетелейді;
- оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуіне көбірек мүмкіндік беріп, тапсырманы кезеңдерге бөледі;
- үдеріс туралы ойланып, рефлексия жасауға ынталандырады.



Г суреті


«Миға шабул» стратегиясы

Тақырыпқа байланысты идеяларды көбірек жазыңыз. Уақыт аяқталғанда кезектесіп өз идеяларыңызды оқисыз, идея қайталанбау керек. Қайталанған идеяларды сызып тастап отырыңыз. Мысалы: “Студенттердің сабаққа қызығушылығын арттыру үшін не істеу керек?”



Венн диаграммасы

Оқиға кейіпкерлерінің өзара ұқсастығы, айырмашылығы ажыратылады.



«Он сұрақ!» әдісі

Мұғалім бір студентті таңдап алады және оның басына негізгі сөз жазылған қалпақшаны кигізеді. Қатысушы топқа 10 сұрақ қоя алады, оған жауап не ИӘ, не ЖОҚ деп беріледі.

depositphotos

Алған

**ақпаратты
есте сақтаудың
орташа
пайызы**

depositphotos

10%

оқығаны

depositphotos

depositphotos

20% естігені

depositphotos

depositphotos

30% көргені

depositphotos

50-70% топта пікіралмасу

depositphotos

80% проблеманы өзі
анықтау, құрастыру

depositphotos

90%

өз бетінше проблеманы анықтау, шешу
жолын табу және шешім қабылдау,
болжам жасау, қорытындылау

depositphotos

depositphotos

**КӨҢІЛ БӨЛІП КЕЛГЕНДЕРІҢІЗГЕ
РАХМЕТ**

